

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)					
Топ/сынып	Мектепалды топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы					
Балалардың жасы	5 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні					
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	01.05 - 05.05.2023				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен	Балалардың үйде күн тәртібін сақтауларын және уақтылы ұйықтау керектігін талап ету.				

әңгімелесу, кеңес беру					
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)		"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку". Мақсат-міндеттер. Жаңа еңбек дағдыларын үйрету; балалардың түсінігінде жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі туралы ұғымдарын бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Оларды суару қажеттілігін өз бетінше анықтауға үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру.	"Асхана бойынша кезекшілік". Мақсат-міндеттер.Балаларға кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауға үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию үстелді дұрыс қою. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдықтауда тәртіпсіздікті көре білу. Ортақ игілік үшін, ниеттеніп еңбектенуге тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті)	"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп" (тәрбиешінің көмекшісімен бірге). Мақсат-міндеттер. Балаларды жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету: шкафты киім мен аяқкиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлықты, тәртіпті көре білуді. Ұжымда тату-тәтті еңбек етуге үйрету. (еңбек іс-әрекеті)	"Кір сүлгілерді ауыстыру". Мақсат-міндеттер. Еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйрету. Еңбектенуге, үлкендерге көмектесуге тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті)

		(еңбек іс-әрекеті)			
		"Қонақ қай елден?" заттармен ойналатын ойын. Дидактикалық міндеті. Балалардың басқа ел тұрғындары туралы білімдерін бекіту; басқа ұлт өкілдеріне қызығушылықты, оларды құрметтеуге тәрбиелеу, өмірі туралы білуге ынталандыру. Ойын ережесі. Суретке сәйкес басқа ұлт өкілінің ұлттық киімін таңдау; қуыршаққа ұлттық киімді киіндіру; кім ұлттық киімді дұрыс және жылдам киіндірсе, сол жеңеді. Ойын әрекеттері: қуыршақты киіндіру; ұлттық би немесе	Мүсіндеуден ойын-жаттығу "Әскери ұшақ" Мақсат-міндеттер: балаларды ермексаздан бөліктерді бір-біріне біріктіру арқылы әскери ұшақты мүсіндеуге үйрету. (шығармашылық іс-әрекет)	Сурет салудан ойын-жаттығу "Атқа мінген шабандоз" Мақсат-міндеттер: балаларды атқа мінген шабандоз баланың суретін салуға үйрету; баланың дене бітімі мен аттың дене көлеміне сәйкестендіру білігін дамыту. (шығармашылық іс-әрекет)	«Бәріне ортақ мереке» тақырыбында иллюстрациялық суреттерді қарастыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті)

		өлең орындау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)			
Таңертенгі жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (құрсаумен) 1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде (құрсаудың шетінен екі қолымен ұстау). 1-құрсауды екі қолдарымен алдына қояды; 2- құрсауды жоғары көтереді; 3-құрсауды алдына қояды ; 4- бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6 рет қайталанады. 2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде. 1-құрсауды жоғары көтереді; 2-қолды түзу ұстап, оңға иілу; 3-құрсауды жоғары көтереді; 4-4-бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады. 3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, құрсауды бүгілген қолымен көкірегіне қою. 1-2-отырып, құрсауды алдына шығару; 3-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6 рет қайталанады. 4. Бастапқы қалып: еденге отыру, құрсауды бүгілген қолымен көкірегіне қою. 1-құрсау ұстаған қолымен оң аяғына иілу; 2-бастапқы қалып. Жаттығу сол жағына қайталанады. Жаттығу 6 рет қайталанады. 5. Бастапқы қалып: жерге арқасымен жатып, құрсауды түзу ұстап, басынан асыра қою. 1-2-тізені бүгіп, құрсаудың шетіне тигізу; 3-4-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 5-6 рет қайталанады. 6. Бастапқы қалып: құрсаудың ішінде тұру. Педагогтің 1-8 дейін санауы бойынша құрсаудан шығып секіру, қайтадан құрсауға секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау. 7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде (құрсаудың шетінен екі қолымен ұстау). 1-құрсауды алға қою, оң аяғын ұшына артқа қою; 2-бастапқы қалып. Жаттығу сол жағына қайталанады. Жаттығу 6 рет қайталанады. (дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.				

	Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүрту. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. <i>Көркем сөз</i> Тиін жаңғақ жарады, Ешкі шөп жеп барады. Құстар дәнді шоқиды, Ұлу отыр қоқиып. Сүйекті жеп күшігім, Ара балды сорады. Жемге тойған бұзауым, Қамаулы тұр қорада. Ботқа жеймін дейсің бе? Қазір жасап беремін. Сүт ботқасын көп жесең, Жылдам өсіп кетесің. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық		"Бейбітшілік қорғанында" тақырыбында әңгімелесу. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Жеңіс күнін тойлаймыз. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Бірлік, бейбітшілік, туған жер, Отан туралы мақал-мәтелдер жаттау. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен

					сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Көңілде көп қуаныш, Әр көңілде жақсы үміт. Келетін жылға мың алғыс, Әкелген көп жақсылақ. (қарым-қатынас іс-әрекеті)
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет		Сауат ашу негіздері "Дыбыстар мен әріптерді пысықтау". Мақсат-міндеттер: өткен дыбыстар мен олардың әріп таңбасын қайталату. Айтылу ерекшелігіне қарай дыбыстарды дыбыс түрлеріне ажырата білу дағдыларын жетілдіру.	Математика негіздері "Әдемі гүлдер" Мақсат-міндеттер: балаларға ойша жылдам санауға меңгерту. Қағаз бетінде бағдарлай білу дағдысын тиянақтау. Қазақ тілі "Г.Х.Андерсеннің "Түймеқыз" ертегісі.	Математика негіздері "Әдемі гүлдер" (пысықтау) Мақсат-міндеттер: балаларға ойша жылдам санауға меңгерту. Қағаз бетінде бағдарлай білу дағдысын тиянақтау. Сөйлеуді дамыту "Таңғажайып гүлдер"	Сауат ашу негіздері "Дыбыстар мен әріптерді пысықтау". Мақсат-міндеттер: өткен дыбыстар мен олардың әріп таңбасын қайталату. Айтылу ерекшелігіне қарай дыбыстарды дыбыс түрлеріне ажырата білу дағдыларын жетілдіру.

		Математика негіздері "Табиғат заңдылықтарын ұстанайық" Мақсат-міндеттер: геометриялық пішіндерді атап, ажырата білуге жаттықтыру. Музыка "Біз Отанның сарбазы" Мақсат-міндеттер: балаларды әнді тыңдау кезінде сипатын ажырата білуге үйрету. Сөйлеуді дамыту "Таңғажайып гүлдер" Мақсат-міндеттер: ғажайып гүлдер туралы білімдерін кеңейтіп, гүлдердің ерекшеліктерін түсіндіру.	Гүлдерді аялайық". Мақсат-міндеттер: Г. Х. Андерсеннің "Түймекеыз" ертегісінің сюжетімен таныстыру. Дене шынықтыру "Арқаннан бір қырымен секіру" Мақсат-міндеттер: балаларды арқан арқылы қос аяқтап жанымен секіруге үйрету. Көркем әдебиет "С.Оспанов «Тілегіміз - бейбіт күн» (жаттау)" Мақсат-міндеттер: балаларға С. Оспанов туралы мәлімет беру. Өлең жолында кездесетін сөздердің мағынасын түсіндіру. Байланыстыра	(пысықтау) Мақсат-міндеттер: ғажайып гүлдер туралы білімдерін кеңейтіп, гүлдердің ерекшеліктерін түсіндіру. Музыка "Гүл көбелек" Мақсат-міндеттер: балаларды әнді тыңдау кезінде оның сипатын түсіне білу қабілеттеріне және ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету. Қоршаған ортамен таныстыру "Әсемдік әлемі" Мақсат-міндеттер: балаларға гүлдер туралы, соның ішінде дала, бөлме, емдік	Жапсыру "Әуе шары қалықтайды" Мақсат-міндеттер: балаларды түрлі-түсті тіктөртбұрыштан шар тәріздес дөңгелек пішінді кесіп алып, желімнің көмегімен бір-біріне жапсыру арқылы әуе шарының шарын жапсыруға, тіктөртбұрышты бұру арқылы әуе шарының себетін жапсыруға үйрету. Дене шынықтыру "Арқан арқылы жанымен секіруді пысықтау" Мақсат-міндеттер: балаларды сап түзеу арқылы жылдамдыққа ирелеңдеп жүгіру;
--	--	--	---	--	---

			сөйлеуге өз ойларын жеткізе білуге үйрету.	қасиеті бар гүлдері туралы түсінік беру; суреттерін көрсете отырып, құрылысымен таныстыру.	екпінмен ұзындыққа секіру; көтеріңкі заттың үстімен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтауға үйрету. Көркем әдебиет "С.Оспанов «Тілегіміз - бейбіт күн» (жаттау)" (пысықтау) Мақсат-міндеттер: балаларға С. Оспанов туралы мәлімет беру. Өлең жолында кездесетін сөздердің мағынасын түсіндіру. Байланыстыра сөйлеуге өз ойларын жеткізе білуге үйрету.
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)				
Серуенге дайындық	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуен		Бақбақты бақылау.	Жолжелкенді	Жәндіктерді	Ауа райын

		(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Бақбақ туралы білімді нақтылау; табиғатты белсенді түрде қорғауға ұмтылысты қалыптастыру; дәрілік өсімдіктер туралы білімдерін бекіту. Зерттеу. Қай дәрілік өсімдік тұқымын бақбақ сияқты алып жүретінін анықтау. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ауланы қоқыстар мен құрғақ бұтақтардан тазарту. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Өз	бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Дәрілік өсімдіктер туралы түсінік қалыптастыру барысында танымдық белсенділікті дамытуды жалғастыру. Зерттеу. Жолжелкен жапырақтарын үлкейткіш әйнек арқылы қарастырып, олардың ерекше белгілерін атап өту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ауланы тазарту. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.	бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Жәндіктер ұғымының мазмұнын нақтылау; оларды жалпыға ортақ негіздер бойынша салыстыруға үйрету. Зерттеу. Қанқызды тауып, оның атауын анықтау; құмырскалардың ізін табу. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ауланы қоқыс пен қардан тазарту. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Ересектерге көмектесуге деген ұмтылысты	бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Көктемнің аяғында жансыз табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы жалпылама түсініктер қалыптастыруды жалғастыру. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ауланы көктемгі қоқыстардан тазарту. Мақсат-міндеттер. Еңбекке деген позитивті қатынасты тәрбиелеу, кішіге көмектесуге үйрету. (еңбек іс-әрекеті) Қимыл-қозғалыс ойындары: "Тамшылар". (дене
--	--	--	--	---	--

	жұмысының нәтижесін көруге үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Гүлшанақты тап". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Гүлдерді ажырата білуге, белгі бойынша әрекет етуге үйрету; жүгіру кезінде жаттығу; бақылауды дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: қозғалыстарды дамыту. Мақсат-міндеттер. Қимыл-қозғалыс көмегімен табиғатты аялауға тәрбиелеу; бөренелерден, тастардан секіру жаттығулары.	Қимыл-қозғалыс ойындары: "Атын анықтап ата". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Дәрілік шөптерді тану және дұрыс атау қабілеттерін қалыптастыру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: қозғалыстарды дамыту. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Тепе-теңдікті сақтау жаттығулары; қимылдарды үйлестіруді дамыту.	тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Аралардың ұшуы". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Бүкіл аула бойынша жүгіруді, қабырғаға қарсы тұрмауға үйрету; бір-біріне көне отырып, бос кеңістікке көтерілу; секірмей аяғына дейін жету; ептілікті, зейінділікті дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: қозғалыстарды дамыту. Мақсат-міндеттер. Жүгіру техникасын жетілдіру.	шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Екі қатар құруға, кең шеңбер құруға, ұжымдық іс-әрекеттің келісімділігіне, реакциялардың жылдамдығына және тапқырлыққа үйрету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: қозғалыстарды дамыту. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Допты берілген бағытта оң және сол қолмен лақтыруға жаттығу; қимылдарды үйлестіруді дамыту; ұжымдық іс-әрекет дағдыларын қалыптастыру.
Серуеннен оралу	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін			

	орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуге. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. <i>Көркем сөз</i> Тиін жаңғақ жарады, Ешкі шөп жеп барады. Құстар дәнді шоқиды, Ұлу отыр қоқиып. Сүйекті жеп күшігім, Ара балды сорады. Жемге тойған бұзауым, Қамаулы тұр қорада. Ботқа жеймін дейсің бе? Қазір жасап беремін. Сүт ботқасын көп жесең, Жылдам өсіп кетесің. (мәдени-гигиеналық дағдылар)
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Ұйқыашар жаттығулары. Керует жанындағы жаттығулар "Құстар" 1. "Құстар оянды". Б.қ.: аяқты сәл алшақ қою. Қолдарды жан-жаққа созу, былғау – «құстар қанат қағып жатыр».

	2. "Құстар достарын шақырып жатыр". Б.қ.: тұрып, қол белде, аяқ сәл алшақ. Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «Шиық-шиық» деп айту. 3. "Құстар жем шұқып жатыр". Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол төменде. Отыру, саусақпен еденді соғу, бастапқы қалыпқа келу. 4. "Құстар көңілденіп жатыр". Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол түсірілген. Жүріспен кезектесіп, бір орында секіру. (дене шынықтыру)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)		Сауат ашу негіздері "ь,ъ әріптерді қайталау". Мақсат-міндеттер: оқушыларды ь белгісімен таныстыру, оның дыбысталмайтынын түсіндіру, ь белгісі бар сөздерді дұрыс оқуға және жазуға, есте сақтауға, дыбыстық талдау жасауға үйрету. Сюжетті-рөлдік ойын. "Спорттық	Вариативті компонент - Жас зерттеуші "Асқар таулар" Мақсат-міндеттер: балалардың қоршаған орта туралы білімдерін бекіту, табиғат, тіршілік, қоршаған орта арасында байланыс жайлы түсініктерін қалыптастыру, балаларға өлі және тірі табиғат жөнінде білімдерін кеңейту.	Сурет салудан ойын-жаттығу "Атқа мінген шабандоз" Мақсат-міндеттер: балаларды атқа мінген шабандоз баланың суретін салуға үйрету; баланың дене бітімі мен аттың дене көлеміне сәйкестендіру білігін дамыту. Сюжетті-рөлдік ойын. "Жанармай бекеті".	Қазақ тілі "[Я] дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау негіздері)". Мақсат-міндеттер. [Я] дыбысының артикуляциясын нақтылай отырып, сауат ашу. Дене шынықтыру "Кім жылдам?" Мақсат-міндеттер: балаларды екпінмен биіктікке секіру; бір-

		жаттығу залы". Мақсат-міндеттер. Балалардың түсінігіндегі спорттық жаттығу залы жайындағы ұғымдарын нығайту; спорт жаттықтырушы жайында, оның атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; тәртіптілікке, салауатты өмір салтына тәрбиелеу. Құралдар. Спорт киімдері, ойыншық спорт жабдықтары немесе макеттері. Шарты. Педагог балалармен бірлесіп дайындық жұмыстары ретінде спорттық жаттығулардың маңызы, жаттықтырушы	Қоршаған ортамен таныстыру "Жаңбырдың түрлері" Мақсат-міндеттер: балалардың жансыз табиғат құбылыстары туралы түсініктерін кеңейту.	Мақсат-міндеттер. Балалардың түсінігіндегі жанармай бекеті жайындағы ұғымдарын нақтылылау; жанармай құюшы, есепші, дүкенде құрал-жабдық сатушы жөнінде білімдерін кеңейту, тиянақтау; сыпайылыққа, жауапкершілікке, төзімділікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Құралдар. Жанарамай бекеті жазуы; жанармай құятын орын, автомобиль бағанасы мен шланг макеті; рульдер, көліктің жанармай бактарының жасанды үлгілері;	бірінің қолдарынан ұстап жұптасып айналуға үйрету.
--	--	--	--	--	---

		қызметінің мәні неде екендігін суреттер, бейнежазбалар бойынша әңгімелейді. Балалар жаттықтырушы жұмысын қалай атқарып (адамдарға түрлі жаттығуларды көрсетіп, үйрету, жаттықтыру), қандай жабдықтарды ұсынатыны, адамның қандай таңдау жасайтыны туралы біліп алуы тиіс. Міндетті түрді спорттық жабдықтардың атауларын айтқызу керек (штанга, гір, жүгіру жолы, созу жабдықтары), балалар ойын барысында осы сөздерді еркін қолдана алады.		автомобильдерге арналған дөңгелектер. Машинаның автобак үлгісінің орнына шырыннан босаған тетрапакетті жіпке байлап, иыққа іліп алуға болады. Шарты. Педагог балалармен жанармай бекетінің қызметі жөнінде, осында еңбек ететін жанармай құюшы, есепші, көлік жабдықтарын сатушы сияқты мамандар жөнінде суреттер мен бейнежазбаларды көрсету арқылы әңгімелеседі. Балалар жанармай бекетінде кім, қандай қызмет атқаратынын анықтап, рөлдерді бөліседі (санамақ та	
--	--	---	--	--	--

		Балалардың арасынан ниетін білдірген бірнешеуі жаттықтырушы рөлін атқарады, кейін балалар рөлдерді бөлу үшін санамақты қолданады. Алғашында педагог ойын барысын сөзбен сүйемелдеп отырады, ойыншыларға қосымша, әрекеттерін анықтайтын сұрақтар қойып жүреді, өзі қатысады. Бұндай амал ойын желісінің одан ары жалғасуына үлес қосады. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: денсаулығың мықты, денең шымыр болу үшін жаттығуларды ерінбей жасау керек;		арқылы болады), өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады. Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, ойыншыларға әрекеттерін анықтайтын сұрақтарды қойып жүреді, өзі де қатысуы мүмкін. Бұндай амал ойын желісінің одан ары жалғасуына үлес қосады. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: көліктердің еркін жүруін қамтамасыз ету үшін,	
--	--	--	--	---	--

		жаттығу залында қауіпсіздік ережелерін сақтау керек. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)		жанармай құюшы үнемі орнында болу керек, жұмысын жылдам және мұқият орындау керек; жанармай бекетінде үнемі қауіпсіздік ережелерін ұстану керек, от жағуға, темекі шегуге болмайды. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)	
Балалармен жеке жұмыс		Өлең жаттау. Жұматай Жақыпбаев "Бейбіт күн". Алаулап гүл тұрады, Туған жер құлпырады, Бейбітшілік болса! Түрленіп бақша, бағы, Тірлік те жақсарады, Бейбітшілік болса!	"Қайсар рухты баламын" өлеңін жаттау. Алатау, Алтай арасы – Қазақтың кең даласы. Мен боламын сол елдің Қайсар рухты баласы. Өсіп, өніп, ержетіп,	Дамытушы жаттығу. "Көзді жұмып, тепе-теңдікті сақтау". Мақсат-міндеттер. Балаларды көзді жұмып, тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру; вестибулярлық аппаратты, түйсік	Дидактикалық ойын. "Дұрыс па? Бұрыс па?" (етістіктер арқылы сипаттау) Мақсат-міндеттер.. Балаларға белгілі жан-жануардың (адамның, құбылыстың) қимыл-қозғалыстағы

		Балалар, болады аман, Аналар болады аман, Бейбітшілік болса! (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Ақылымды өрлетіп. Елімнің атын шығарам Мықты елдермен тең етіп. Д.Сүлейменов (қарым-қатынас іс-әрекеті)	қабілетін дамыту. Шарты. Тік тұрып, екі қолды екі жаққа созып жаю; екі аяқтың бірінде кезегімен, тепе-теңдікті сақтау. Алғашқы жаттығудың үлгісін педагог өзі көрсетеді. Тепе-теңдікте тұру ұзақтығын реттеу керек. (дене шынықтыру)	ерекшелігін сөздермен сипаттауды тыңдатып, сипаттаманың дұрыстығын немесе бұрыстығын анықтату, дұрыс нұсқаны айтуға ынталандыру; қоршаған әлем заңдылықтары жайындағы білімдерін нығайту; сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамыту; дүниетанымын кеңейту. Балалардың жауаптары мынадай болуы мүмкін: "Қасқыр шаңқылдамайды, ұлиды", "жел тамшыламайды, соғады, еседі", "құс жорғаламайды, ұшады", "балық
--	--	---	---	--	--

					ұшпайды, жүзеді", т.б.. Педагог тапсырмаларды жануарларға немесе құбылыстарға ғана байланысты бере алады. Бұл ойынның нұсқалары көп. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дандылар, дербес әрекет)				
Серуен	Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)				
Серуеннен оралу	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.				

	Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуге. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. <i>Көркем сөз</i> Тиін жаңғақ жарады, Ешкі шөп жеп барады. Құстар дәнді шоқиды, Ұлу отыр қоқиып. Сүйекті жеп күшігім, Ара балды сорады. Жемге тойған бұзауым, Қамаулы тұр қорада. Ботқа жеймін дейсің бе? Қазір жасап беремін. Сүт ботқасын көп жесең, Жылдам өсіп кетесің. (мәдени-гигиеналық дағдылар)
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі) Мақсат-міндеттер. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру, өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану. Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру. Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу. Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, өзінің тәжірибесіне сүйеніп,

суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. Заттар мен ойыншықтар, сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға, берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастыруға баулу.

Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка)

Мақсат-міндеттер. Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу. Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру. Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру, қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқандығын, ол халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән-күйлерімен дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін, би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіру, балаларға "Қаражорға" биін билету.

Өнер бұрышында аңдардың қысқы тіршілігі тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**

Мақсат-міндеттер. Балалардың суретте қарапайым сюжеттерді: әлеуметтік оқиғаларды, қоршаған өмірдегі оқиғаларды, мерекелерді, адамдардың еңбегін, ертегілердің, өлеңдердің, әндердің желісін жеткізе білуін жетілдіру.

Қазақ халқының өмірін, еңбегін, тұрмысын көрсете отырып, қазақ ертегілерінің желісі бойынша сурет салу.

Ұжымдық жұмыстарға, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. Ойдан өз бетінше мүсіндеуге, ұжымдық жұмыстарды орындауға баулу. Мүсіндеген заттарымен түрлі ойындар ойнау. Жұмысты ұқыпты орындау, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сақтау. Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру.

Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін

	сақтау. Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту. Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау, циферблат бойынша уақытты анықтау. Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең»), оқиғалардың ретін («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек») анықтау. Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты, ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу, шыдамдылық, ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу. Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету. Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті) Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: құстар, балықтар, жануарлар, аңдар, жәндіктер, мекендеу орны (орман, шалғын, су айдыны, бақша, бақ, алаң); қозғалу тәсілі (жүгіру, ұшу, секіру, жүзу); табиғи-климаттық аймақтар (ақ аю, итбалық, пингвин, жираф, піл, маймыл) бойынша топтастыру. Мобильді құрылғыларды қолдану кезінде қарапайым қауіпсіздік ережелерін білу (күніне ата-аналардың рұқсатымен 30 минуттан артық емес мобильді құрылғыларды қолдану).				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)		«Майдангер аталар» тақырыбында суреттер көрмесін ұйымдастыру.	«Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?» тақырыбында әңгіме жүргізу.	Жаднама. «Балаға қандай ойыншықтар сатып алуға болады?».	Кеңес беру. «Бала мен ата-ананың демалысының түрлері».